




АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

2024



Г.И. Жанаева, К.С. Дуйсебаева

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ,
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА
АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР

Ақтөбе қаласы

Г.И. Жанаева, К.С. Дуйсебаева,

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ,
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН
ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР



Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының
баспа бөлімінде дайындалып, жүйеге келтірілді.

Методическая разработка подготовлена и систематизирована
на основе материалов автора в редакционном отделе
Актюбинского областного методического центра

Байланыс телефондары:
8-7132-548624

e-mail: baspa@aktedu.kz

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы бөлімінің әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды

Құрастырушылар:

Г.И. Жанаева, К.С. Дуйсебаева, Темір ауданы Кенкияк ауылы МКҚК "Зере" бөбекжай балабақшасының тәрбиешілері

Пікір берушілер:

М.Т.Мурзагулова-Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері

А.А.Искендірова - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.магистрі

Ойын балалардың сөйлеу тілін, шығармашылығын дамытуда маңызды орын алады. Ойын- айналадағы дүниені танудың тәсілі. Бұл еңбекте авторлар көп жылғы педагогикалық тәжірибесімен бөліседі. Әдістемелік құрал балабақша тәрбиешілеріне арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

Халқымыздың «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп ойланады, көңілі өсіп ойы сергиді, таным-түйсігі қалыптасады. Ойынның қай түрі болмасын балалардың тәрбиесін дамытып, жас жеткіншек бойына адамгершілік, үлкендердің еңбегін бағалай білуге, шығармашылық ізденіске жол бастап қабілетін қалыптастырады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренуіне ықпал етеді.

Өмірдің әр түрлі құбылыстары мен үлкендердің әр түрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе. Ойын кезінде шартты түрде максаттар қойылады, ал сол максатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында, біріншіден, өзін еркін сезінеді, екіншіден, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады, үшіншіден, сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Мектепке дейінгі жастағы бала туғаннан бастап бойындағы жақсы қасиеттерді ойын ойнау арқылы қалыптастырып, қолдануын үйренсе ғажап емес пе? Ойын арқылы баланың психикасында сапалы өзгерістерді тудырудырамыз (баланың зейіні, ойлауы, қиялдау қабілеті).

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы өте қарқынды, жедел өтеді, жеке қалыптасуы, балалардың іс-әрекеті кеңейеді. Ана тілін меңгеруі, түстерді қабылдауы қалыптасады, көлем, форма, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау, зейін, ес, қиял түрлері, ойлау операциялары: топтау, жинақтау, салыстыруы қалыптасады. Бұл шақта танымдық даму қарқынды дамумен ерекшеленеді.

Мектепке дейінгі кезеңдегі іс-әрекеттің негізгі түрі – ойын десек, балалардың ойын іс-әрекетінің бір түрі – әлеуметтік ойындар. Олар мектеп жасына дейінгі балаларға тән ойындардың негізгі қорын құрайды. Психолог Д.Б.Эльконин рөлдік ойындарға мынадай анықтама береді: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» – деп көрсетті.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда балабақшадағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойындардың маңызы туралы кеңінен тоқталамыз.

Осы әдістемелік құралда қарастырылып отырған тақырып өзекті деп санаймыз. Демек, ойын арқылы балаларды өмірге ең қажетті қасиеттерге: өжеттілікке, іскерлікке, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелейміз.